

З ЖӘНЕ З' ДЫБЫСТАРЫН АВТОМАТИЗАЦИЯЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

З, З' дыбысына арналған артикуляциялық жаттығулар

1. «Жымию» – езулерді артқа қарай тартып, жоғарғы және астыңғы тістер көрінетіндей жымию, осы қалыпты - 5 дейін санағанша ұстап тұру қажет.
2. «Түтікше» - жалпақ тілді ауыз қуысынан шығарып бүйірлерін жоғары көтеріп түтікшеге ұқсатып тұрып үрлеу. Осы жаттығулардың бәрін баяу қалыпта орындап 8-10 рет қайталау қажет.
3. «Төменгі тістерді тазалаймыз» - жымиып, ауызды ашып, тілдің ұшымен төменгі тістердің ішкі жағын “сырлаймыз”. Қимыл жоғары-төмен және оңға-солға болады.
4. «Тентек тіл» - жымиып, жеңіл түрде тілдің ұшын тістейміз.
5. «Тілді желімдейміз» - жымиып, тілдің ұшын астыңғы тістің ішкі жағына тіреп ұстаймыз.
6. «Төбешік» - ауыз сәл ашық. Тілдің екі бүйірі жоғары азу тістерге тиіп тұр. Тілдің ұшы алдыңғы төменгі тістерге тірелген. Осы қалыпта 10-15 секунд ұстап тұру керек.
7. «Қоңырау» - алақанның сыртқы жағын тамаққа орналастырамыз. Кезекпен ұяң және қатаң дыбыстарды айттырамыз. Ұяң дыбыстарды айтуда дауыс қатпарларының дірілі білінеді, ал қатаң дыбыстарды айтуда діріл болмайды.

Ескерту: автоматизация дыбыс қойылғаннан кейін жүргізіледі, сондықтан дыбыс қате айтылған жағдайда баланың есіне салып, дыбысты жөндеп отыру қажет.

[З] дыбысын автоматизациялау

1. Буындарды қайталау.

ЗА – ЗА – ЗЫ	ЗЫ – ЗЫ – ЗА	ЗА – ЗЫ – ЗА
ЗО – ЗҰ – ЗҰ	ЗУ – ЗО – ЗО	ЗҰ – ЗО – ЗО
ЗО – ЗҰ – ЗО	ЗУ – ЗА – ЗУ	ЗУ – ЗҰ – ЗУ

2. Буындарды қайталау (егер бала берілген буындар қатарын бірден қайталай алмаса, онда әрбір буынмен жеке жұмыс жасаймыз).

ЗА – ЗО – ЗУ – ЗЫ	АЗ – ОЗ – ҰЗ – ЫЗ
ЗО – ЗУ – ЗА – ЗЫ	ОЗ – УЗ – ЫЗ – АЗ
ЗУ – ЗА – ЗЫ – ЗО	УЗ – ЫЗ – АЗ – ОЗ
ЗЫ – ЗУ – ЗО – ЗА	ЫЗ – АЗ – ОЗ – ЯЗ
ЗА – ЗЫ – ЗО – ЗУ	ҰЗ – УЗ – ЯЗ – ҰЗ

3. Буындарды қайтала және сөзді айт (2-3 реттен):

ЗА

за – за – за – зат
за – за – за – Зайсан

за – за – за – заман
за – за – за – заң

за – за – за – таза

ЗУ

зу – зу – зу – бұзу

зу – зу – зу – азу

ЗЫ

зы – зы – зы – тазы

зы – зы – зы – зы – қазы

ЗО

зо – зо – зо – зообақ

за – за – за – таза

зу – зу – зу – қазу

зу – зу – зу – озу

зы – зы – зы – қозы

зо – зо – зо – зонд

4. Буындарды қайтала және сөзді айт (2-3 реттен):

АЗ

аз – аз – аз – азат

аз – аз – аз – қаз

аз – аз – аз – газ

аз – аз – аз – сабаз

ҰЗ

ұз – ұз – ұз – ұзын

ұз – ұз – ұз – тұз

ұз – ұз – ұз – күз

ЫЗ

ыз – ыз – ыз – ыза

ыз – ыз – ыз – тоғыз

ыз – ыз – ыз – сағыз

ыз – ыз – ыз – қыз

ыз – ыз – ыз – доңыз

ОЗ

оз – оз – оз – озат

оз – оз – оз – боз

ЯЗ

яз – яз – яз – аяз

яз – яз – яз – ояз

аз – аз – аз – азық

аз – аз – аз – баз

аз – аз – аз – саз

аз – аз – аз – таз

ұз – ұз – ұз – ұзақ

ұз – ұз – ұз – бұз

ұз – ұз – ұз – мұз

ыз – ыз – ыз – ызың

ыз – ыз – ыз – құндыз

ыз – ыз – ыз – қымыз

ыз – ыз – ыз – қобыз

ыз – ыз – ыз – қоңыз

оз – оз – оз – озық

оз – оз – оз – соз

яз – яз – яз – саяз

яз – яз – яз – таяз

5. Тек сөздің басы айтылады, ал бала оған з дыбысын қосып аяқтайды және сөзді толығымен айтады:

саз

сағы...

қа...

қы...

та...

тұ...

ба...

кү...

құнды...

а...

6. Сен баста, ал мен аяқтаймын (бала буындарды айтады, ал ересек қажетті буынға екпін түсіріп, сөйлемді аяқтайды):

За – за – за – киім кидік таза.

За – за – за – неге болмайды сенде маза?

Зы – зы – зы – ойнақтайды қозы.

Зы – зы – зы – қоянды қуды тазы.

Зу – зу – зу – тез озу.
Аз – аз – аз – мен қостым газ.
Аз – аз – аз – суға қонды қаз.
Ұз – ұз – ұз – тамаққа қос тұз.
Оз – оз – оз – мойыныңды соз.

Ескерту: Осы мәтінді бала толық есіне сақтаған кезде, баламен бұл мәтінді рөл алмасу арқылы орындауға болады.

7. Әр қатардағы сөздерден артығын алып таста және себебін түсіндіріп көр.
Қызанақ, қаз, бұзау, қозы.
Қобыз, қазан, пойыз, қыз.

8. 3 дыбысы бар сөздерді қайталау:
Сағыз, баз, таз, таза, саз, сызық, зат, сазан, қазан, қызанақ, мазақ, озат, сызат, қобыз, қаз, қазық, қазақ, ұзақ, тұзақ, тұз, ұзын, бұзау, қоңыз, қозы, қыз, аспаз, құндыз, заман, таз, азық, пойыз, мұз, боз, доңыз.

[З'] дыбысын автоматизациялау

1. Буындарды қайталау (егер бала берілген буындар қатарын бірден қайталай алмаса, онда әрбір буынмен жеке жұмыс жасаймыз).

ЗИ – ЗИ – ЗЕ	ЗИ – ЗЕ – ЗИ	ЗЕ – ЗЕ – ЗИ
ЗӘ – ЗЕ – ЗӨ	ЗИ – ЗИ – ЗЕ	ЗЕ – ЗИ – ЗЕ
ЗӘ – ЗӨ – ЗЕ	ЗЕ – ЗІ – ЗЕ	ЗӨ – ЗӨ – ЗӨ
ЗИ – ЗИ – ЗІ	ЗҮ – ЗҮ – ЗӨ	ЗӨ – ЗҮ – ЗӨ

2. Буындарды қайталау үшін (егер бала берілген буындар қатарын бірден қайталай алмаса, онда әрбір буынмен жеке жұмыс жасаймыз).

ЗӨ – ЗЕ – ЗИ – ЗӨ	ЕЗ – ӨЗ – ҮЗ – ИЗ
ЗЕ – ЗӨ – ЗІ – ЗӨ	ҮЗ – ӨЗ – ІЗ – ИЗ
ЗИ – ЗІ – ЗІ – ЗИ	ИЗ – ИЗ – ӨЗ – ҮЗ
ЗӨ – ЗӨ – ЗҮ – ЗИ	ЕЗ – ӨЗ – ҮЗ – ӨЗ
ЗӨ – ЗӨ – ЗӨ – ЗӨ	ІЗ – ИЗ – ӨЗ – ҮЗ
ЗҮ – ЗИ – ЗӨ – ЗӨ	ӨЗ – ӨЗ – ҮЗ – ИЗ

3. Сен бастай ғой, мен аяқтайын (бала буындарды айтады, ал ересек оны керекті буынға екпін түсіре отырып жалғастырады):

ЗЕ

зе – зе – зе – зекет

зе – зе – зе – Зейнеп

зе – зе – зе – зең

зе – зе – зе – көзе

ЗӘ

зә – зә – зә – Зәки

зә – зә – зә – зәйтүн

зә – зә – зә – Зәкен

зә – зә – зә – зәмзәм

зә – зә – зә – Зәмзә

зә – зә – зә – Зәмзия

ЗИ

зі – зі – зі – өзі

ЗИ

зи – зи – зи – Зия

зі – зі – зі – кезі

зи – зи – зи – зиян

4. Буындарды қайтала және сөзді айт (2-3 реттен):

ӘЗ

әз – әз – әз – Әзизә

әз – әз – әз – мәз

әз – әз – әз – Әзім

ӨЗ

өз – өз – өз – өзен

өз – өз – өз – өзбек

өз – өз – өз – бөз

өз – өз – өз – көз

өз – өз – өз – өзек

өз – өз – өз – өзім

өз – өз – өз – сөз

өз – өз – өз – төз

ЕЗ

ез – ез – ез – езу

ез – ез – ез – сез

ез – ез – ез – тез

ез – ез – ез – езде

ез – ез – ез – кез

ез – ез – ез – без

ІЗ

із – із – із – сіз

із – із – із – мүйіз

із – із – із – мейіз

із – із – із – сегіз

із – із – із – біз

із – із – із – киіз

із – із – із – семіз

із – із – із – сәбіз

ҮЗ

үз – үз – үз – күз

үз – үз – үз – түз

үз – үз – үз – сүз

ЯЗ

яз – яз – яз – пияз

яз – яз – яз – Нияз

5. Тек сөздің басы айтылады, ал бала оған з' дыбысын қосып аяқтайды және сөзді толығымен айтады:

мәз

сәбі...

мейі...

киі...

кө...

бе...

сегі...

кү...

те...

сү...

6. Сен баста, ал мен аяқтаймын (бала буындарды айтады, ал ересек қажетті буынға екпін түсіріп, сөйлемді аяқтайды):

Әз – әз – әз – менің анам мәз.

Өз – өз – өз – мен айқан сөз.

Із – із – із – неткен тәтті мейіз.

Із – із – із – міне, мынау – мүйіз.

Із – із – із – мен басамын киіз.

Із – із – із – мен егемін сәбіз.

Із – із – із – мына сан сегіз.

Із – із – із – ұқыптымыз біз.

Ез – ез – ез – ұйықтайық тез.

Ез – ез – ез – ұстағанда сез.

Үз – үз – үз – суық күз.

Үз – үз – үз – сүтті сүз.

Яз – яз – яз – менің атам – Нияз.

Яз – яз – яз – тамаққа қостым пияз.

Ескерту: Осы мәтінді бала толық есіне сақтаған кезде, баламен бұл мәтінді рөл алмасу арқылы орындауға болады.

7. Әр қатардағы сөздерден артығын алып таста және себебін түсіндіріп көр.

Сәбіз, көз, киіз, газет.

Теңіз, өзен, сегізаяқ, пияз.

8. З' дыбысы бар сөздерді қайталау:

Сегіз, семіз, пияз, киіз, сіз, мейіз, үзеңгі, теңіз, өзен, із, біз, сегізаяқ, газет, көз, көзе, без, күз, түз, кезек, тезек.

Дыбыстарды дұрыс айтайық

Жаңылтпаштар

1. СЫЗЫҚ СЫЗЫП, ҚЫЗЫҚ СЫЗДЫ,
ҚЫЗЫҚ СЫЗЫП, БҰЗЫП СЫЗДЫ.

2. Тұз – мұздай,
Мұз – тұздай.

3. Сегіз семіз,
Семіз сегіз.
Сегізі де егіз,
Семізі де сегіз.

4. Ізгі түсті Ізғұтты,
Ізғұттыны күттік-ау,
Іздеп-іздеп таппадық,
Ізім – қайым қызық-ау.

5. Мұзға мұз ұқсас,
Тұз-тұзға ұқсас,
Мұз да, тұз да ұқсас.